

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай бақша кешені

меңгерушісі

Бердімбетова Ж.С.



Ертеңгілік

Тақырыбы: «Алтын күз»

«Аққу» ересек топ

Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.

2020-2021

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр тәгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз-ырыс,береке,бірлік ала келді.

Армысыздар ұстаздар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Алтын күз, әсем

айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

«Кәк майсалы кәрікті, алқаптағы кәп егін

Бұл күндері киіпті, сары жібек кәйлегін» - Бұл не, балалар? (Күз мезгілі)

(ендеше, күз мезгіліне арнаған әлең шумақтарымызды тыңдайық)

1.Азамат: Қуандырып біздерді,кел жемісті алтын күз.

Әлкемізге күз келді, кемелденсін халқымыз.

Жеміс мол теретін, күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

2. Арай: Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз

Жиып-теріп болған соң

Той жасайды халқымыз,

Мол әнімді жинаймыз

Елге бәрін сыйлаймыз.

3. С. Мансур:Қыстың жақын қалғанын, жапырақтар білгендей,

Желмен ұшып барады, жерге қонып үлгермей

Жапырақтар жамырап, сайға барып бекінді,

Анасынан ажырап, қалған бала секілді.

4. Ясмин: Жатыр дала жалтылдап, жаз шуағы мол құйды,

Күн астында алтын дән, тербеледі толқиды

Кәктемде егін егетін, күзде жиып беретін

Біздің дала бай дала, астық толы айнала.

5. Айдос Кәк майсалы кәрікті,

Алқаптағы кәпегін.

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек кәйлегін.

Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Ой, алақай, тамаша,

Шашу шашты жапырақ!

(алтын күзге арнаған әнімізді айтайық)

Ән: «Алтын күз»

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Күз ханшайымы: Сәлем менің достарым,

Әмірге кәп қосқаным,

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар.

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз ханшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала

келдім.

1. Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. (Жеміс)

2. Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе жыладық. (Пияз)

3. Әсірер тың дала,

Кәшірер қамбаға.

Айналар ұңға да

Айналар нанға да. (Бидай)

4. Сырты қатты,

Іші тәтті. (Қарбыз)

5. Әсірдім ұлпа қар,

Шешуін кім табар. (Мақта)

Жүргізуші: Күз ханшайымы, біздің балалар, егін және күз жайлы мақал-мәтелдер біледі.

1. Екпей егін шықпас, 2. Жердің сәні егін

Үйренбей білім жұқпас. Ердің сәні білім

3. Егіндікті күз суар. 4. Арпа, бидай ас екен

Күз суарсаң, жүз суар Алтын күміс тас екен

5. Не ексең соны орасың 6. Жері байдың – елі бай.

Жүргізуші: Сұлу қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Шағала»

Мадина: Тоқтаңдар, тоқтаңдар!

Бойымнан әл құрып

Кәздерім бұлдырап

Басым айналып барады!

2 - бала: Енді, енді не етеміз?!

Мадинаға қалай көмектесеміз?

Қабдолла Әдия: Сабыр сақта, саспайық

Дәрігер шақырайық!

Мадина: Жо - жоқ! Дәрігер керек емес!

Қазір әзім тұрамын тез!

Азамат: Онда дәрі ішіп ал,

Менде міне, кәп дәрі бар!

Абылайхан: Ауырмау үшін суық суға шомылу керек

Бұл - дәлелденген рецепт!

Мадина: Ах!

Бәрі бірге: Дәрігер, дәрігер! ("Жедел жәрдем" машинасының дыбысы естіледі. Дәрігер киімін киген бала келеді)

Жанель: Мені неге шақырдыңдар,

Қандай шағым, арыздар бар?

Бәрі бірге: Мадинаға дәрігерлік көмек керек!

Жанель: Қазір қарап шығайын,

Неден ауырғанын ұғайын... (Фонендоскоппен кеудесін тыңдайды)

Жанель: - А - а - а - деп қане, аузыңды ашшы..... (Тексереді)

Тістерің орнында, тамағың іспеген

Қол - аяғың әлсізденген

Қызуың ыстық екен

Білдім, неден ауырғаныңды...!

Жеткілікті мөлшерде ағзаңа

Дәрумендер жетіспеген!

Мадина: Енді не істеймін?

Жанель: Дәрумендер табиғи болғаны дұрыс,

Кәп - кәп кәкәніс, жемістер жеуге тырыс!..

Жүргізуші: Балалар, ендеше Эфирде – «Күзгі бақша» телеарнасының ,

Қызанақ – корреспондентінен бақшада қандай өзгерістер, қандай

жаңалықтар бар екенің, хабарласып кәрейік!

- Сәлеметсізбе, мені естіп тұрсыз ба? Бақшада қандай жаңалықтар,
қандай өзгерістер болып жатыр!

Қызанақ - корреспондент: Сәлеметсіңдер ме балалар! Бақшада жемістер де,
кәкәністер де пісіп жатыр Бірақ кім, оларды жинап алады, мен білмеймін!

Мүмкін сендер көмектесіп жібересіңдер?

Жүргізуші: Әрине біздің балалар, көмектесіп, кәкәністермен жемістерді
жинап береді.

ОЙЫН «Жемістер мен кәкәністер»

Залға 4 шеңбер қойылады (олар үлкен себет болады) 4 баланың басына- өрік,
қызанақ, орамжапырақ жүзім маскаларын кигізеді. Барлық балалар 4
командаға бөлінеді.

1 –Өрік

2 – Қызанақ

3 – Орамжапырақ

4 – Жүзім

Музыкамен барлығы билейді, тоқтап қалғанда, әр команда өз шеңберіне
барып тұрады. Кейін ойын қайталады.

Күз ханшайымы: --- Бәрекелді, керемет!

Жүргізуші: Қызанақ,саған көп рахмет. Біз бақшада қандай өзгерістер бар
екенін білдік. Ендеше, біздің балалардың әнін тамашалайық.

Ән: «Бізде де бар, бау бақша»

Жүргізуші: Жыл мезгілімізге арнаған әлең шумақтарын тыңдайық.

Қ.Әдия: Соңғы шуақ тәгіліп, салқынданып тұр аймақ,

Ақ сәулеге шомылып, жапырақтар жүр ойнап.

Кәктен кәзін бір алмай, қызғылт тартты сары күз

Жер қызығын қиялмай, маужырап тұр сары күз.

Әділ: Autumn leaves are falling down,

Falling down, falling down,

Autumn leaves are falling down,

Yellow, red, orange and brown

Әскербек Мансұр: Шоғы толған гүлдей жайнап, шақырады жарқын жүз,

Сайрандаған күліп ойнап, келді міне алтын күз,

Жел тынымсыз гүілдеп, болып кетті тым бұзық.

Шуылдайды тал терек, жапырағын жұлғызып.

К.Адия: The leaves are falling

One by one

Summer`s over

School`s begun

Инжу: Тоңазып атырап,

Кәп жеміс піседі.

Сарғайып жапырақ,

Саудырап түседі.

Аспанды сұрғылт бұлт,

Жан-жақтан жабады.

Күнбірте суытып,

Жауын кәп жауады.

Дильназ: Кездескен соң күзімен,

Бұтағынан үзілді.

Ай жапырақ-сары алтын

Айналаның бәрі алтын.

Жүргізуші: Балалар күзде, аңдарда қысқа дайындалады. Қорек жинап күздің,

сыйлықтарына рахметін айтады. Ендеше эфирде – «Күзгі орман»

телеарнасының корреспонденті –Қоянға сәз берейік!

- Сәлеметсізбе қоян! Күзгі орманда не болып жатыр, аңдар қысқа қалай

дайындалады?

Қоян –кориспондент: Сәлеметсіңдер ме балалар! Орманда көптеген өзгерістер болып жатыр. Барлық аңдар қыс мезгіліне азықтарын дайындап жатыр. Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын ал сендер шешуін табыңдаршы.

Үсті толы ине,

өзін қорғай алады,

домаланып қалады. Қандай аң?

Балалар: Кірпі!

Қоян–кориспондент: Дұрыс балалар!

Бұтақтан бұтаққа секірген,

Кішкентай ғана шапшаң аң.

Балалар: Тиін!

Қоян–кориспондент: Дұрыс тиін! Балалар сендер білесіңдер ме, тиін мен кірпі қорек жинамапты. Мүмкін сендер көмектесіп жібересіңдер?

Жүргізуші: Әрине көмектесеміз! Кірпіге алмаларды, ал тиінге жаңғақтарды жинап береміз!

ОЙЫН «Жаңғақтар мен алмаларды себетке жинап ал!»

Ортада шеңбер ішінде жаңғақтар мен алмалар аралас жатады. Қарама қарсы балалар екі командаға 5 баладан бөлініп тұрады. Қолдарында себеттер. 1,2,3 дегенде бір-бірден барып өз заттарын жинайды. Музыка тоқтағанда ойын аяқталады. Кім көп жинаса сол команда жеңеді.

Жүргізуші: Досы көпті жау алмас, деп бекер айтпаған! Міне біздің, балалар кірпі мен тиінге көмектесіп жіберді.

Теңіздей тербетіле кәл бетіне,

Бишілер билеп кетті тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі,

Бишілеріміз әнерлерін кәрсетуде.

ұлдарымыз бен қыздарымыздың биін тамашалаңыздар.

Би: «Күзгі жол»

Кезегімізді әлең шумақтарына берейік.

1.Жиһангер: Алтын нұрдай тамшылап, жапырақтар тәгілді

Біздің әмір таң шуақ, біздің әмір кәңілді

Біреу астық түсіріп, біреу бидай ұшырып,

Жатқан мезгіл күз екен, алдым соны түсініп.

2.Алина: Ой, балалар,балалар,

Қоңырқай күз болыпты,

Құлап жапырақтар солыпты.

Ел егінін орыпты,

Ой,балалар,балалар.

Ойнайық та күлейік,

Мәз боп бірге жүрейік

3.Нұрсұлтан: Сарғайды тоғай, сап-сары манай

Соңғы әнің айтып, құс кетті қайтып

Жапырақ ұшты, суық та түсті

Сонда да бізге,қызық көп күзде.

4.Аймерей: Күн суытып келеді, жапырақтар түседі.

Астық-жеміс жиылды,қамбамызға құйылды.

Ардақты күз –мың алғыс, алдық әнім сыйыңды.

5.Елжас: Жаздай күткен бәріміз,

Сары алтын,сары күз,

Кәк аспаның мәлдіреп,

Алтын күнім елжіреп.

6. Қарақат: Аспанды сұрғылт бұлт,

Жан-жақтан жабады.

Күнбірте суытып,

Жауын кәп жауады.

Ән: «Күзгі жаңбыр»

Жүргізуші: Күз ханшайымы! Біздің қыздарымыз, аналары тіккен күздік киім үлгілерін кәрсетпекші. Ендеше «Алтын күз-2015» күзгі сән үлгісін ортаға шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

Күз ханшайымы: Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, келесі кездескенше сау болыңдар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» - атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар!